

**«Жаңартылған бағдарлама - білім берудің жаңа мазмұны»
тақырыбында ата-аналарына түсінік жұмыстарын жүргізу бағытында
ата - аналар жиналысы ақпарат**

Ақтау қалалық білім бөлімінің «№ 14 жалпы білім беру орта мектебі»КММ-де жалпы мектепшілік 4,5,9,10 сыныптардың көшуіне байланысты «Жаңартылған бағдарлама –білім берудің жаңа мазмұны» тақырыбында аталған сыныптардың ата-аналарына түсінік жұмыстарын жүргізу бағытында ата – аналар жиналысы 8 қараша 2019 жылы болды.

Жиналысқа қатысқандар:58 ата-ана ,пән мұғалімдері,сынып жетекшілері, мектеп әкімшілігі.

Жиналыс төрағасы: Нургалиева Г.К. және хатшысы А.Нұрмахан.

Күн тәртібінде:

- 1.Критериалды бағалау, жиынтық бағалауға талдау (ТЖБ,БЖБ)
- 2.Сабақта қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру түрлері
3. «Mekter edu» Электронды күнделігі.

Баяндамашылар: 1.Нургалиева Г.К. мектеп директоры

2.Досаева Р.Д. оқу ісі орынбасары.

3. Имашева Қалдыгул Бердигожаевна.

4.Нұрмағанбетова Баян, Жумағалиева Айгул.

№14 орта мектептің жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысын мектеп директоры Нургалиева Г.К. ашып ,күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

Критериалды бағалау, жиынтық бағалауға талдау туралы Р.Д.Досаева баяндап өтті.

БЖБ үшін максималды балл, БЖБ өткізу нысаны (бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, ауызша сұрау, эссе) мен БЖБ сабағын өткізу және БЖБ орындау уақыты реттелмейді.

БЖБ үшін максималды балл 1-4-сыныптарда 7-ден кем емес және 15-тен артық болмауы тиіс, 5-11(12)-сыныптарда 7-ден кем емес және 20 балдан артық болмауы қажет.

Аптасына 1 сағат оқу жүктемесі кезінде БЖБ тоқсанда екі реттен артық емес жүргізіледі.

Бөлім/ортақ тақырыптар тоқсанына үш және одан да көп бөлім/ортақ тақырыптарды оқып-зерделеген жағдайда тақырыптардың ерекшеліктерін және оқыту мақсаттарының саны ескеріле отырып біріктіріледі.

Тоқсанда бір бөлімді (ортақ тақырыпты) оқып-зерделеген жағдайда, БЖБ тоқсанның екінші жартысында, тоқсанның соңына дейін кемінде екі апта бұрын бір рет өткізіледі. Оны екі кезеңге бөліп жүргізуге болады

ТЖБ пәндердің күрделілік деңгейін есепке ала отырып, бір күнде үшеуден артық емес тоқсандық жиынтық бағалау жүргізуге болады. Олар тоқсан аяқталатын соңғы күні жүргізілмейді.

Жаңартылған білім беру мазмұнында оқитын сыныптардағы оқушылардың жылдық бағалары тоқсандық бағалардың орташа арифметикалық мәнін ең жақын бүтін санға дөңгелектеу арқылы қойылады.

Бір немесе екі пәннен «2» деген баға алған оқушылар үшін мектеп жасаған кестеге сәйкес жүргізілетін оқу жылындағы материал мазмұнын қамтитын жиынтық бағалау оқу жылына ұйымдастырылады.

Қорытынды баға жылдық және оқу жылына арналған жиынтық бағалау бағаларының орташа арифметикалық мәні ретінде қойылады.

Үш немесе одан да көп пәннен «2» деген баға алған оқушылар қайта оқу жылына қалдырылады.

Бір немесе екі пәннен «2» деген баға алған оқушылар үшін осы пәндерден қосымша жиынтық бағалау өткізіледі.

Қосымша жиынтық бағалаудан «2» деген баға алған жағдайда оқушы сол сыныпта қайта оқу жылына қалдырылады. Бүгінгі таңда ТЖБ кестелері жасақталып, бекітілген.

Критериалды бағалау, жиынтық бағалауға талдау (ТЖБ, БЖБ) мектеп тренері Қ.Б.Имашева видео ролик және слайд арқылы ата-аналарға түсіндірді.

Әр пән мұғалімдері сабақта қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру

түрлерін түсіндіру үшін Нұрмағанбетова Баян, Жумағалиева Айгул

«Қалыптастырушы бағалаудың техникасын тимді қолдану», «Көксерек»,

тақырыптарында ашық сабақтар көрсетіліп оған ата-аналар сабаққа қатысы.

«Мектеп.edu» электронды күнделігі бойынша мектеп директоры

Г.К.Нургалиева ата-аналарға тоқсандық бағаны қалай көруге болатынын көрсетіп баяндады.

Ата-ана Шүкірбаева Рафила: көрсетілген сабақтар өте жақсы деңгейде өтті.

Күнделікті сабақта қалыптастырушы бағалаудың жүрілісін түсіндік.

Елубаева Роза: Сабақтар өте әсерлі өтті. Мұғалімдерге алғыс айтылды.